

Қазақстан Республикасы Президенті Іс Басқармасының кейбір мәселелері туралы

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2016 жылғы 28 желтоқсандағы № 886 қаулысы.

"Қазақстан Республикасы Президенті Іс Басқармасының кейбір мәселелері туралы" Қазақстан Республикасы Президентінің 2016 жылғы 31 қазандағы № 366 Жарлығына сәйкес Қазақстан Республикасының Үкіметі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. Осы қаулыға қосымшаға сәйкес республикалық мемлекеттік кәсіпорындар қайта аталсын.

2. Материалдық-техникалық қамтамасыз ету басқармасы осы қаулыға қосымшада көрсетілген республикалық мемлекеттік кәсіпорындарға қатысты мемлекеттік басқарудың тиісті саласын (аясын) басқару жөніндегі уәкілетті орган болып айқындалсын.

3. Қоса беріліп отырған Қазақстан Республикасы Үкіметінің кейбір шешімдеріне енгізілетін өзгерістер бекітілсін.

4. Қазақстан Республикасы Президентінің Іс Басқармасы (келісім бойынша) заңнамада белгіленген тәртіппен осы қаулыдан туындайтын тиісті шараларды қабылдасын.

5. Осы қаулы алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

Қазақстан Республикасының
Премьер-Министрі

Б. Сағынтаев

Қайта аталатын республикалық мемлекеттік кәсіпорындар тізбесі

1. "Қазақстан Республикасы Парламенті Шаруашылық басқармасының Әкімшілік ғимараттар дирекциясы" шаруашылық жүргізу құқығындағы республикалық мемлекеттік кәсіпорны шаруашылық жүргізу құқығындағы "Материалдық-техникалық қамтамасыз ету басқармасының әкімшілік ғимараттары дирекциясы" республикалық мемлекеттік кәсіпорнына.

2. "Қазақстан Республикасы Парламенті Шаруашылық басқармасының Инженерлік орталығы" шаруашылық жүргізу құқығындағы республикалық мемлекеттік кәсіпорны

шаруашылық жүргізу құқығындағы "Материалдық-техникалық қамтамасыз ету басқармасының инженерлік орталығы" республикалық мемлекеттік кәсіпорнына.

3. "Қазақстан Республикасы Парламенті Шаруашылық басқармасының Автошаруашылығы" шаруашылық жүргізу құқығындағы республикалық мемлекеттік кәсіпорны шаруашылық жүргізу құқығындағы "Материалдық-техникалық қамтамасыз ету басқармасының автошаруашылығы" республикалық мемлекеттік кәсіпорнына.

Қазақстан Республикасы Үкіметінің кейбір шешімдеріне енгізілетін өзгерістер

1. Күші жойылды - ҚР Үкіметінің 01.09.2021 № 590 қаулысымен.
2. Күші жойылды - ҚР Үкіметінің 14.07.2023 № 580 қаулысымен.
3. Күші жойылды - ҚР Үкіметінің 18.03.2021 № 151 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.